**Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау қағидалары мен шарттарын, тізбесін, олардың атаулары мен индекстерін, оның ішінде қорғаныстық мақсатта пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 315 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 19 маусымда № 11402 тіркелді.

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағының 28) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 29.10.2024 № 351 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Халықаралық және республикалық маңыздағы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сынаптау қағидалары мен шарттары осы бұйрықтың 1 қосымшасына сәйкес;

2) Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, олардың атаулары мен индекстері, оның ішінде қорғаныстық мақсатта пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақтың орыс тілдегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 05.04.2017 № 188 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 22.05.2018 № 360 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтармен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті (М.Қ. Пішембаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшалары көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Инвестициялар және даму*
*министрінің міндетін атқарушы* *Ж. Қасымбек*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
__________ Б. Сұлтанов
2015 жылғы 15 сәуір

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
__________ И. Тасмағамбетов
2015 жылғы 15 мамыр

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 26 наурыздағы
№ 315 бұйрығына
1-қосымша

## Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау қағидалары мен шарттары

Ескерту. Қағидалары мен шарттары жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 29.10.2024 № 351 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі анықтамалар пайдаланылады:

1) Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор (бұдан әрі – Ұлттық оператор) – Заңда белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асыратын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғам;

2) автомобиль жолы – автомобильдердің және басқа да көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, габаритпен үздіксіз, қауіпсіз жүрісін қамтамасыз ететін, автомобильдер жүрісіне арналған инженерлік құрылыстар кешені, сондай-ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер учаскелері (көлік жерлері) және олардың үстіндегі белгіленген габарит шегіндегі әуе кеңістігі;

3) жол органы – жалпыға ортақ пайдаланылатын мемлекеттік автомобиль жолдарын басқаруды жүзеге асыратын автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган.

## 2-тарау. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттары

3. Халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарына көршілес мемлекеттердің астаналарын жалғастыратын, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерге сәйкес халықаралық автомобиль жолдары желісіне кіретін автомобиль жолдары жатады.

4. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына республиканың және көрші мемлекеттердің ірі әкімшілік, мәдени және экономикалық орталықтары арасындағы көлік қатынасын қамтамасыз ететін автомобиль жолдары, сондай-ақ халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарын қоспағанда, қорғаныстық маңызы бар автомобиль жолдары жатады.

5. Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, олардың атаулары мен индекстері, оның ішінде қорғаныстық мақсатта пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) жол органы жүргізеді.

6. Ұлттық оператор халықаралық немесе республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын пайдалануға қабылдаған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жол органына оны Тізбеге енгізу үшін ұсыныс береді.

7. Жол органы Ұлттық оператордың ұсынысын қарағаннан кейін, Заңға сәйкес Тізбеге тиісті өзгеріс енгізеді.

8. Қазақстан Республикасының жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атауы және индексі бар.

Автомобиль жолдарының индексі латын әліпбиінің әріптерінен және цифрлар тобынан тұрады. Автомобиль жолдары индексіндегі сандар индекс әріптерінен кейін беріледі.

9. Автомобиль жолдарының атауына бастапқы және соңғы елді мекеннің, ал қажет болған жағдайда аралық мекендердің атауы кіреді.

10. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін халықаралық автомобиль жолдарының атаулары мен индекстері келесі халықаралық келісімдерде белгіленген:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 мамырдағы № 2274 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 1975 жылғы Халықаралық автоарналар туралы (ХАК) Европа келісімінің (Женева, 15 қараша 1975 жыл) 1-қосымшасында;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы № 1198 қаулысымен бекітілген Азия автомобиль жолдары желісі жөніндегі үкіметаралық келісімнің 1-қосымшасында.

11. Халықаралық автомобиль жолдары маршруттардың учаскелері өзара қайталанған жағдайда, олар "Е" және "АН" индексі бар жол белгілерімен немесе "Е" индексі бар жол белгісімен бірлесіп белгіленеді. Автомобиль жолының бір маршруты басқасына ауысқан немесе басқа маршруттармен қиылысқан кезде автомобиль жолдарының халықаралық және республикалық маршруттарының тиісті жол белгілері кіру немесе жол айрығы алдында, сондай-ақ олардан кейін орнатылады.

12. Халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдары үшін латын әліпбиінің "KAZ" және "KZ" әріптерінен индекс белгіленеді:

"KAZ" – Қазақстан Республикасының әкімшілік өңірлері мен көрші мемлекеттер арасында көлік қатынасын қамтамасыз ететін халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдары үшін;

"KZ" – әкімшілік өңірлер мен көрші мемлекеттер ішінде көлік қатынасын қамтамасыз ететін халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдары үшін.

Қазақстан Республикасы<br>Инвестициялар және даму<br>министрінің міндетін<br>атқарушының<br>2015 жылғы 26 наурыздағы<br>№ 315 бұйрығына<br>2-қосымша

**Халықаралық және республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі, олардың атаулары мен индекстері, оның ішінде қорғаныстық мақсатта пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесі**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің м.а. 29.10.2024 № 351 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| № | Автомобиль жолыныңиндексі | Халықаралық келісімдерге сәйкес автомобиль жолының индексі | Автомобиль жолының атауы | Ұзындығы, км |
|---|---|---|---|---|
| Халықаралық және республикалық маңызы бар негізгі автомобиль жолдары (бір өңірден артық): | | | | |
| 1 | KAZ01 | E125<br>AH7 | Астана – Қарағанды (айналма жолымен) – Алматы | 1207,95 |
| 2 | KAZ02 | E125<br>AH6<br>AH64 | Астана – Көкшетау (айналма жолымен) – Петропавл – РФ шек. (Жаңа Жол ө/п ) | 526 |
| 3 | KAZ03 | E123<br>AH7 | Астана – Атбасар – Жақсы – Рузаевка – Сарыкөл – Қостанай (айналма жолымен) – РФ шек. (Қайрақ ө /п) | 860,3 |
| 4 | KAZ04 | E018<br>AH64 | Астана – Шідерті – Павлодар – Успенка – РФ шек. (Қосақ ө/ п) | 638 |
| 5 | KAZ05 | | Астана – Қабанбай батыр – Нұра – Теміртау | 250 |
| 6 | KAZ06 | E38<br>E123<br>E004<br>E012<br>AH5<br>AH9<br>AH61<br>AH62 | РФ шек. (Жайсан ө\п) – Мәртөк – Ақтөбе (солтүстік айналма жолымен) – Қарабұтақ – Қызылорда – Шымкент ( солтүстік айналма жолымен) – Тараз ( айналма жолымен) – Қордай – Алматы – Қорғас – ҚХР шек . (Нұр Жолы ө/п) | 2687,44 |
| 7 | KAZ07 | E127<br>AH60<br>AH64 | ҚХР шек. – Майқапшағай – Зайсан айналма жолымен – Қалбатау – Семей – Павлодар – РФ шек. (Үрлітөбе ө\п) | 1081 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | KAZ08 | E40<br>AH60 | Алматы – Талдықорған – Өскемен – Шемонаиха – РФ шек. (Үбе ө/п) ( Сарқанд, Аягөз айналма жолымен және Мұқры шатқалына кіреберіс жолымен) | 1207 |
| 9 | KAZ09 | E121 | Ақтөбе – Қандыағаш – Доссор – Атырау – РФ шек. ( Құрманғазы ө/п) | 865,4 |
| 10 | KAZ10 | E38<br>E40<br>AH61 | Ақтөбе – Орал – РФ шек. (Сырым ө/п) | 528 |
| 11 | KAZ11 | E40<br>E121<br>AH81 | Доссор – Құлсары – Бейнеу – Сай-Өтес – Шетпе – Жетібай – Ақтау теңіз порты | 786 |
| 12 | KAZ12 | E121 | Атырау – Орал | 487 |
| 13 | KAZ13 | E123<br>E019<br>AH62 | Жезқазған – Арқалық – Петропавл | 940 |
| 14 | KAZ14 | E018<br>AH62 | Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Шідерті | 1175 |
| 15 | KAZ15 | | Қарағанды – Аягөз – Тарбағатай – Бұғаз | 921 |
| 16 | KAZ16 | | Көкшетау – Кішкенекөл – Бидайық – РФ шек. (Бидайық ө/п) | 278 |
| 17 | KAZ17 | | Көкшетау – Рузаевка | 196 |
| 18 | KAZ18 | | Қостанай – Мамлютка | 406 |
| 19 | KAZ19 | | Қостанай – Рудный – Денисовка – Комсомольское – Қарабұтақ | 543 |
| 20 | KAZ20 | | Қалқаман – Баянауыл – Үміткер – Ботақара | 324 |
| 21 | KAZ21 | | Өскемен – Семей | 195 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 22 | KAZ22 | | Ақшатау – Ағадыр – Ортау – "Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Шідерті" автомобиль жолы | 195 |
| 23 | KAZ23 | | Қостанай – Әулиекөл – Сұрған | 257 |
| Жиыны | | | | 16 554,09 |
| Тармақтар және байланыстырушы автомобиль жолдары (өңір ішінде): | | | | |
| Астана қаласы: | | | | |
| 24 | KZ01-01 | E125<br>AH7 | Астана қаласының айналма жолы | 86,1 |
| Алматы қаласы: | | | | |
| 25 | KZ02-01 | | Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы | 66 |
| Ақмола облысы | | | | |
| 26 | KZ03-01 | | Астана – Қорғалжын (Қорғалжын қорығына кіреберіс жолымен) | 161 |
| 27 | KZ03-02 | | Макинск – Ақсу – Торғай | 240 |
| 28 | KZ03-03 | | Бурабай шипажай аймағының жолдары | 66 |
| 29 | KZ03-04 | | Щучинск – Зеренді | 77 |
| 30 | KZ03-05 | | Вячеслав су қоймасына кіреберіс жол | 17 |
| 31 | KZ03-06 | | Көкшетау – Атбасар | 184 |
| 32 | KZ03-07 | | Көкшетау қаласының айналма жолы (Әуежайға кіреберіс жолымен) | 18 |
| 33 | KZ03-08 | | Қабанбай батырдың ескерткіш кешеніне кіреберіс жол | 4 |
| 34 | KZ03-09 | | "Щучинск – Бурабай шипажай аймағы" ойын-сауық орталығына кіреберіс жол | 8,9 |
| | | | Жаңа Колутон – Ақкөл – Минское | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 35 | KZ03-10 | | автомобиль жолына кіреберіс жол | 4,6 | |
| 36 | KZ03-11 | | Ерейментауға кіреберіс жол | 36 | |
| 37 | KZ03-12 | | Жақсы – Есіл – Бұзылық | 82 | |
| Ақтөбе облысы | | | | | |
| 38 | KZ04-01 | | Ақтөбе – РФ шек. ( Әлімбет ө/п) | 120,8 | |
| 39 | KZ04-02 | | Қандыағаш – Ембі – Шалқар – Ырғыз | 401 | |
| Алматы облысы | | | | | |
| 40 | KZ05-01 | | Байсейіт – Көкпек – Шоңжы – Көктал | 160 | |
| 41 | KZ05-02 | | Көктал– Жаркент – Қорғас кіреберіс жолы | 69 | |
| 42 | KZ05-03 | | Қонаев – Құрты | 67 | |
| 43 | KZ05-04 | | Алматы – Шамалған – Ұзынағаш – Аққайнар – Сұраншы батыр – Қастек (Ұзынағаш ауылына кіреберіс жолымен) | 115 | |
| 44 | KZ05-05 | | Ақсай – Шоңжы – Қалжат – ҚХР шек. (Қалжат ө/п) | 160 | |
| 45 | KZ05-06 | E011 | Көкпек – Кеген – ҚР шек. (Түп) Кеген асуының айналма жолымен | 115 | |
| 46 | KZ05-07 | | Кеген – Нарынқол | 89 | |
| 47 | KZ05-08 | | "Көкпек – Кеген – ҚР шек. (Түп)" автомобиль жолы – Жалаңаш – Саты – Құрметті (Көлсай көліне кіреберіс жолымен) | 89 | |
| 48 | KZ05-09 | | Алматы – Талғар – Бэйдібек би | 68 | |
| 49 | KZ05-10 | | Алматы – Төңкеріс – Байсерке – Междуреченское – " Астана – Алматы" автомобиль жолы | 52 | |
| | | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 50 | KZ05-11 | | Алматы – Космостанция ( Алматы және Алма-Арасан шипажайына кіреберіс жолымен) | 37 |
| 51 | KZ05-12 | | Алма-Тау турбазасына кіреберіс жол | 15 |
| 52 | KZ05-13 | | "Алатау ақпараттық технологиялар паркі " еркін экономикалық аймағына кіреберіс жол | 9,95 |
| Атырау облысы: | | | | |
| 53 | KZ06-01 | | Мұқыр – Құлсары | 136 |
| 54 | KZ06-02 | | Махамбет – Хамит Ерғалиев | 45 |
| 55 | KZ06-03 | | Доссор айналма жолы | 4,6 |
| Батыс Қазақстан облысы | | | | |
| 56 | KZ07-01 | | Орал – РФ шек. ( Шаған ө/п) | 28 |
| 57 | KZ07-02 | | Чапаев – Жалпақтал – Казталовка – РФ шек. | 213 |
| 58 | KZ07-03 | | Казталовка – Жәнібек – РФ шек. ( Жәнібек ө/п) | 165 |
| 59 | KZ07-04 | | Подстепное – Федоровка – РФ шек. (Ақсай ө/п) | 72 |
| 60 | KZ07-05 | | Өнеге – Бисен – Сайхин | 103 |
| 61 | KZ07-06 | Е38 | Орал – Тасқала – РФ шек. (Тасқала ө/п) | 100 |
| 62 | KZ07-07 | | Хан Орда ауылына кіреберіс жол | 21 |
| Жамбыл облысы: | | | | |
| 63 | KZ08-01 | | Тараз – Өтмек – ҚР шек. (Айша бибі ө/п ) | 14 |
| 64 | KZ08-02 | | Қордай – Қарасу – Масанчи – Сортөбе – ҚР шек. (Қарасу ө/п) | 45,45 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 65 | KZ08-03 | | ҚР шек.кіреберіс жол (Қарасу ө/п) | 17,7 |
| 66 | KZ08-04 | AH7 | Мерке – Шу – Бұрылбайтал | 261,45 |
| 67 | KZ08-05 | | Шу – Қайнар | 56 |
| 68 | KZ08-06 | E40 | ҚР шек. шығыс кіреберіс (Қордай ө/п) | 6 |
| 69 | KZ08-07 | E40<br>AH7 | ҚР шек. батыс кіреберіс (Сыпатай батыр ө/п) | 24,3 |
| Қарағанды облысы: | | | | |
| 70 | KZ09-01 | | Теміртау – Ақтау – Бастау | 53 |
| 71 | KZ09-02 | | Қарағанды қаласына кіреберіс жол | 7 |
| Костанай облысы: | | | | |
| 72 | KZ10-01 | | Денисовка – Жітіқара – Мықтыкөл – РФ шек. (Қондыбай ө/п) | 137 |
| 73 | KZ10-02 | | Жітіқара – Чайковский – РФ шек. ( Желқұар ө/п) | 27 |
| 74 | KZ10-03 | | Денисовка – Тавриченка – Аршалы – Комаровка | 96 |
| 75 | KZ10-04 | | Рудный қаласының батыс айналма жолы | 6,9 |
| 76 | KZ10-05 | | Мариновкаға кіреберіс | 9 |
| 77 | KZ10-06 | | "Қостанай – Әулиекөл – Сұрған" автомобиль жолы – "Қостанай – Рудный – Денисовка – Комсомольское – Қарабұтақ" автомобиль жолы | 6 |
| 78 | KZ10-07 | | "Қостанай – Рудный – Денисовка – Комсомольское – Қарабұтақ" автомобиль жолы – | 21 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | "Астана – Атбасар – Қостанай" автомобиль жолы | |
| Қызылорда облысы: | | | | |
| 79 | KZ11-01 | E38<br>AH9 | Қызылорда қаласының айналма жолы | 30 |
| Манғыстау облысы: | | | | |
| 80 | KZ12-01 | | Ақтау – Құрық | 59 |
| 81 | KZ12-02 | E40 | Бейнеу – Ақжігіт – ӨР шек. (Тәжен ө/п) | 85 |
| 82 | KZ12-03 | E40<br>E121 | Жетібай – Жаңаөзен – Түрікменстан шек. (Темірбаба ө/п) | 229 |
| 83 | KZ12-04 | | Құрық – Жетібай | 64 |
| Түркістан облысы: | | | | |
| 84 | KZ13-01 | | Жизақ – Гагарин – Жетісай – Киров – Қызыләскер – Сарыағаш – Абай – Жібек жолы (Атакент ауылына кіреберіс жолымен) ӨР шек. (Сырдария ө\п), Гүлістан, Чиназ және Сарыағаш шипажайына кіреберіс жолымен) | 221 |
| 85 | KZ13-02 | | ӨР шек. (Сырдария ө\п) – Ташкентке – ӨР шек. (Целинный ө\п) Термезге | 24,1 |
| 86 | KZ13-03 | E004<br>AH5 | Шымкент – ӨР шек. (Жібек-жолы ө/п) | 98 |
| 87 | KZ13-04 | | Т. Рысқұлов ауылына кіреберіс жол | 36,9 |
| | | Павлодар облысы: | | |
| 88 | KZ14-01 | | Павлодар – Шарбақты – РФ шек . (Шарбақты ө/п) | 112 |
| 89 | KZ14-02 | | Атамекен – Ертіс – РФ шек. (Амангельді ө/п) | 263,78 |
| 90 | KZ14-03 | | Атамекен – Ақсу – Көктөбе – Үлкен Ақжар – Курчатов | 220 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 91 | KZ14-04 | | Ертіс өзенінің көпір өткелі арқылы Павлодар қаласының батыс айналма жолы | 15 |
| Солтүстік Қазақстан облысы: | | | | |
| 92 | KZ15-01 | E125 | Петропавл – Соколовка РФ шек. (Кызыл Жар ө/п) | 62 |
| 92 | KZ15-02 | | Петерфельд – Архангельск – Новокаменка – "Жезқазған – Арқалық – Петропавл" автомобиль жолы | 30,519 |
| 94 | KZ15-03 | | Булаево – Возвышенка – Молодогвардейское – Кирово – Қиялы – Рощинское | 228,386 |
| 95 | KZ15-04 | | Рощинское – Корнеевка – Волошинка | 86,87 |
| 96 | KZ15-05 | | Волошинка – Сергеевка – Тимирязево | 119,441 |
| 97 | KZ15-06 | | Петропавл қаласының әуежайына кіреберіс жол | 5 |
| 98 | KZ15-07 | | Қарасай батырдың ескерткіш кешеніне кіреберіс жол | 24 |
| 99 | KZ15-08 | | Тимирязево – Сарыкөл – облыс шек. | 31,574 |
| 100 | KZ15-09 | E125<br>AH6 | Петропавл қаласының айналма жолы | 30 |
| 101 | KZ15-10 | AH6 | РФ шек. (Қарақоға ө/п) – Петропавл | 120 |
| Шығыс Қазақстан облысы: | | | | |
| 102 | KZ16-01 | | Өскемен – Алтай – Үлкен Нарын – Катон-Қарағай – Рахман қайнары | 446 |
| 103 | KZ16-02 | E40 | Өскемен – Риддер – РФ шек. | 167 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 104 | KZ16-03 | | "ҚХР шек. – Майқапшағай – Қалбатау – Семей – Павлодар – РФ шек. " автомобиль жолы – Қалжыр – Марқакөл | 124 |
| Шымкент қаласы: | | | | |
| 105 | KZ17-01 | E40<br>AH9 | Шымкент қаласының солтүстік айналма жолы | 36,5 |
| Абай облысы: | | | | |
| 106 | KZ18-01 | | Қайнар – Семей | 276 |
| 107 | KZ18-02 | | Семей – РФ шек. ( Ауыл ө/п) | 111 |
| 108 | KZ18-03 | E015 | Таскескен – Бақты – ҚХР (Бақты ө/п) | 187 |
| Жетісу облысы: | | | | |
| 109 | KZ19-01 | E013<br>AH68 | Сарыөзек – Көктал ( Сарыөзек станциясының айналма жолы) | 192 |
| 110 | KZ19-02 | E014 | Үшарал – Достық – ҚХР шек. (Достық ө/п) | 184 |
| Ұлытау облысы: | | | | |
| 111 | KZ20-01 | | "Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Шідерті" автомобиль жолы – Жайрем – Қаражал – Атасу | 144 |
| Барлығы: | | | | 8 356,82 |
| Жалпы ұзындығы | | | | 24 910,91 |

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚХР – Қытай Халық Республикасы;

ҚР – Қырғыз Республикасы;

ӨР – Өзбекстан Республикасы;

РФ – Ресей Федерациясы;

шек. – шекара;

ө/п – өткізу пункті;

км – километр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК